

# АЛТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№19(29) 9 мамыр 2024 жыл

**ҚҰТТЫҚТАУ**

## Жеңіс жалауы желбіреген күн

**Ардақты ағайын!**

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін адамзат тарихына өшпес сөз қалдырған екінші дүниежүзілік соғыс дүмпуі басылып, Ұлы Жеңіске қол жеткізгенімізге 79 жыл толды. Бірақ сол сұрапыл жылдардың естеліктері жадымыздан өшкен жоқ, қайта жыл өткен сайын ұрпақтан ұрпаққа, жүректен жүрекке жетіп, жаңғыра түсуде. Сондықтан бұл мереке-ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Еліміздің тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, Қазақстанның, оның ішінде Алматы облысының өркендеуі мен гүлденуі де – осы Ұлы Жеңіс мерекесінің жемісі.

Жыл сайын мамыр айында біз майдан даласында кеуделерін оққа төсеп, жаумен шайқасқан, тылда жанкешті еңбек еткен жандарға ерекше құрмет көрсетіп, соғыстан қайтпай қалған майдангерлерді еске аламыз. Біз аталарымыз бен әжелеріміздің, әкелеріміз бен аналарымыздың қайсарлығын, қажыр-қайратын, биік рухын бағалай отырып, бізге ашық ас-

пан, бейбіт күн сыйлаған ерліктерін мәңгі есте сақтаймыз. Бұл орайда жас ұрпақ соғыс ардагерлері танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді, ой түзейді. Ендеше, осынау ерлікке толы күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

Сіздердің өмірлік бай тәжірибелеріңіз және бізге жол нұсқап, үнемі қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғыс айтамыз. Денсаулықтарыңыз мықты, жастарыңыз ұзақ болып, жақын жандарыңыздың құрметі мен сүйіспеншілігіне бөлене беріңіздер!

**Құрметті ардагерлер!**

Халқымыздың шексіз қаһармандығы мен мұқалмас қажыр-қайратының ерен үлгісі болған Жеңістің 79 жылдығы тағы да құтты болсын! Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға шаттық пен бақыт тілеймін! Жеңістің туы желбіреп, еліміздің абыройы арта берсін!

**Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,**  
Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы.

**ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ**

**180 мың абонентке коммуналдық мекеме сапасыз қызмет көрсетуде**

**ҚОНАЕВ. KAZINFOFORM.** Алматы облысының прокуратурасы әкімдікпен және уәкілетті органмен бірлесе отырып, «еркін монополисттерді «көлеңкеден шығару» жобасын бастады.

Алматы облысы прокуратурасының мәліметінше, Іле, Қарасай және Талғар аудандарында 180 мыңнан астам абонентке су және электрмен жабдықтау бойынша 92 еркін монополист және 244 иесіз трансформатор сапасыз қызметтер көрсетуде.



«Кәсіпкер азаматтар монополияға қарсы органын рұқсатсыз, байланыс желілерін тартып, тарифтерді өз еркімен белгілей бастады. Көптеген азаматтар жылдар бойы жөнделмейтін, жаңғыртылмайтын, қараусыз, иесіз қалған желілерге қосылған. Бұл азаматтар өз қалауы бойынша еркін монополисттермен белгілеген тарифтерді төлейді», - деп хабарлады Алматы облысы прокуратурасы.

**Учения с участием офицеров запаса идут в области**

Воинские сборы военнообязанных, состоящих на учете в запасе в бригадном управлении, батальонном управлении и роте охраны батальона территориальной обороны бригады территориальной обороны Талгарского района Алматинской области проходят в период с 25 апреля по 4 мая, передает Liter.kz.



На основании Закона Республики Казахстан «Об Обороне и Вооруженных Силах Республики Казахстан», а также Закона Республики Казахстан «О военной службе и статусе военнослужащих» основное действие основано на плане мобилизационной готовности акимата области и бригады территориальной обороны.

В рамках тактико-специальных учений планируются мероприятия по отработке ведения боевых действий. В составе бригадного управления, батальонного управления и роты охраны батальона бригады территориальной обороны Талгарского района Алматинской области 92 военнослужащих, 18 офицеров запаса, 16 сержантов запаса и 58 солдат запаса.

**Жолшылардың жұмысы әкімдік тарапынан сынға қалды**

**Sputnik.** Алматы облысында Кеген ауданындағы республикалық маңызы бар жолдарға жасалып жатқан жұмыс сын көтермейді, деп хабарлайды Кеген аудандық әкімдігі.

Республикалық маңызы бар «Көкпек-Кеген-Түп» автожолының 53-68 шақырым аралығына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге 2021 жылы техникалық құжаттамасы әзірленіп, жобаның сметалық құны 834 млн теңге болған. Ашық конкурс барысында «Искер-Т» ЖШС мердігерлік ұйымы конкурстық жеңілдік беру арқылы 682 млн теңгеге жұмыстарды орындауға өз міндеттемелерін алған. Жобаны 2022 жылдың 30 маусымда аяқтау керек болған.



«Алайда, мердігерлік ұйым өз міндеттемелерін сапасыз жасап, жұмыстарды аяқтау мерзімінен кешіктірген», - дейді аудандық әкімдік.

«Құрылыс маусымының аяқталу шегі жақын болғандықтан, жол жүріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және орташа жөндеу жұмыстарын аяқтау мақсатында 2022 жылдың 7 қыркүйегінде «PCY-1» ЖШС мердігерлік ұйымымен шарты жасалып, сметалық-құжаттамада қарастырылған қалдық көлемдегі жұмыстарды орындауға өз міндеттемелерін алған», - дейді ведомстводағылар.

**Деректер сөйлейді**

## МЫҢ ТАҒЗЫМ САҒАН, МАЙДАНГЕР!

Адамзат тарихындағы қатал да, қанды Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ауыр күндер мен қасірет болды. Кеңес Одағының халқы тілі мен діліне қарамай, өз Отанын фашисттік басқыншылардан бар күш жігерімен азат етіп қорғады. Миллиондаған жігерлі, қайсар қыз-жігіттердің шексіз ерліктерімен, төгілген қанының арқасында Ұлы Жеңіске жетті. Көп ұлтты Қазақстан халқы да Ұлы жеңіске үлкен үлесін қосты. Ұлы Отан соғысына көп ұлтты Қазақстаннан 1 миллион 4 жүз мыңға жуық адам қатысты.

Майданда азаматтарымыз етігімен қан кешіп, оқ-дәрінің түтініне тұншығып, Отанын жаудан қорғауда бір кісідей жұмыла күресті. Қазақстандық сарбаздар ерлікпен шайқасты. Қазақ халқы үлкен Кеңес елі үшін маңызды тылға айналды. Біздің елімізде, Ұлы Отан соғысына қатысы жоқ, отбасы бар деп ойламаймын. Көптеген адамдар, соғыс майданында қаза тапқан туған-туыстары мен жақындарын іздестіруді осы күнге дейін жалғастыруда.

Ұлы Отан соғысы жылдары Алматы облысынан майданға 120 мыңнан астам адам атанып, оның ішінде 47052-сі ұрыс даласында қаза тапты. 57 мыңнан астамы ұрыс даласынан хабар-ошарсыз жоғалып кетіп, туған өлкесіне қайтып оралмады. Жеңіске жету жолындағы жанқиярлық еңбегі үшін 54 жетісулық майдангер Кеңес Одағының Батыры, 14-і «Даңқ» орденінің кавалері болды, әрбір майдангер әскери наградалармен марапатталды. Көп ұлтты Отанымыздың халқы да Жеңіске өз үлесін қосты. Қазақстандық сарбаздар майданда ерлікпен шайқасса, қазақ халқы Үлкен Кеңес елінің маңызды тірегі мен тылы болды.

Алматы облысының мемлекеттік архив сақтауындағы құнды құжаттар негізінде 685 қор, Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Алматы облыстық және аудандық еңбекшілер депутаттары Кеңестерінің атқару комитетінің жұмысын соғыс уақыты жағдайында қайта құру туралы, аудандық, ауылдық және



селолық кеңестердің жұмысын қайта құруға практикалық көмек көрсету туралы № 651 Қаулысы, Халық-шаруашылық жоспарын орындауға, еңбек өнімділігін жан-жақты арттыруға, мемлекеттік, еңбек тәртібін нығайтуға барлық күштер мен құралдарды пайдалана отырып, революциялық қырағылықты күшейту және еңбекшілердің барлық міндеттерді табысты шешуге жұмылдыруы, Халық Комиссарлары Кеңесінің өндірісте оқу

винтовкаларын шығару туралы қаулысы, Алматы облысының Гурьев өкілетті МКО-ның балалар үйінің Алматыға келуі туралы телеграммасы, Алматы облыстық атқару комитетінің №34 «Ауданға көшірілген балалардың келуіне байланысты Жамбыл ауданы бойынша сыныптардың қосымша ашылуы туралы» шешімі және 941 қор, Ұлы Отан соғысына Алматы облысынан атанып, шайқаста жарақаттан қаза тапқан және із-түзсіз жоғалып кеткен боздақтардың тізімдерінен тұратын, сонымен бірге Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер, көрнекті қоғам қайраткерлері мен танымал тұлғалардың жеке тектік қор нелері қорлары: № 586 Серкебаев Сәдуақас Серкебайұлы, № 1328 Ұлтрақов Қазтай Нұрмағанбетұлы, № 1252, Асқаров Асанбай Асқарұлы, № 637 Ыдырысов Омар Ыдырысұлы, № 758 Игібаев Өміржан, № 684 Қилыбаев Рахымжан Қилыбайұлы, № 2271 Шаимов Ескендір Шаһымұлының жеке тектік қор құжаттары мен фотоқұжаттары сақталуда.

Сонымен қатар № 2 қор Алматы облысының мемлекеттік архиві қорында тұрақты сақтаудағы құжаттарынан алынған майдан даласынан жауынгердің өз қолымен жазылған үшбу түпнұсқа хаттары мен фотоқұжаттары сақтауда тұр.

Аталған архив сақтауындағы құжаттар негізінде: «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты жинақ Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай, «Жетісулықтардың жеңіс жолы» атты құжатты жинақ 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының жеңісіне 75 жыл толуына орай, «Соғыс. Жеңіс. Естелік.» атты 10 томнан тұратын құжатты жинақ соғыста қаза болған және із-түзсіз жоғалып кеткен боздақтардың құрметіне және есімдерін мәңгі сақтау үшін болашақ ұрпақ қажеттілігі үшін жарық көрді. Сондықтан бүгінгі ұрпақ тыныш та еркін, қауіпсіз өмірлері мен қол жеткен тәуелсіздік пен бейбіт заман үшін ардагер ата-әжелерімізге өздерінің шексіз алғысын білдіреді.

**А.ДОНБАЕВ,**  
архив қызметкері.

**БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:**

**ЕСІМІ ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ**

2-бет

**ЖАСТАР ТӘЛІМГЕРІ**

3-бет

**ӘКЕМ ЖАЙЛЫ АЙТСАМ...**

3-бет

**ТРАДИЦИЯМ ВЕРНЫ**

4-бет

## БАЙЛАНЫСШЫ ЖАУЫНГЕР

Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатысып, ең алдыңғы лектегі қанды қырғынның қақ ортасында жүрсе де аман келген ағаларымыздың бірі Қожаев Ерғали Исламұлы еді. Ол ел мен жерді қорғауда өшпес ерен ерлік танытып, басын қатерге тіккен, өршіл рухты көрсеткен майдангер болды.

Ерғали Исламұлы 1941 жылы қаңтар айында Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданының Тополев-Мыс селосынан әскер қатарына шақырылғанда, 163 гвардиялық танкке қарсы артиллериялық полкінің құрамында кеудесін оққа төсеп, қан майдан шайқастардың ортасында жүремін деген ой ұш ұйықтаса түсіне де кірмеген еді. Фашистік Германия опасыздықпен Кеңес одағына тұтқиылдан шабуыл жасаған бастапқы кезде полк құрамындағы байланысшылардың жеке батальонына қабылданып, кәсіби даярлықтан өтті. Байланыс-

шы болудың оңай емес екендігін алғашқы шайқасқа кіргенде жан тәнімен сезінді. Өйткені байланысшылар қай кезде жаудың басты нысанасы болды. Әрбір сәті, әрбір қадамы аса қауіпті аймақта өтетіндігі бір басқа, үзілген сымды жалғауға шыққанда қарша жауған оқтың қай жақтан келіп тиетінін болжау да мүмкін емес еді.

Қаршадайынан ауыр жұмыстарға төселген алғыр жігіт жинақылығы, ширақтығы, жауынгерлік тапсырмаларды орындаудағы тиянақтылығымен бірден командирлердің көзіне ілініп, көңілдері-

нен шықты. Байланысшыларға қиян-кескі шайқастарда батальон корпус штабын оның дивизияларымен байланыс жасауын қамтамасыз ету басты міндет болды. Берілген бұйрық та, тапсырма да мүлтіксіз орындалуы тиіс. Соғыстың қатал заңы темірдей бұлжымас тәртібі-осы. Алдыңғы шепті корпусстың штабымен жалғастырып отыратын сержант Ерғали Қожаевтың бөлімшесі байланысшыларының қауіп-қатері басқыншы жаумен қоян-қолтық айкасып жүрген жауынгерлерден бірде бір кем болмайтын. 1944 жылы 5 сәуірде жаннан кешкен ауыр ұрыста Ерғали аға жараланып, біраз уақыт госпитальда емделгеннен кейін өзінің полкіне қайта оралып, сапқа қосылды.

1944 жылдың 21 қыркүйегінде Юркина деревнясы үшін басталған қиян-кескі ұрыс бір толастамады. Екі жақ та барын аянып қалмай қарсыласып бақты. Артиллерияның жиі атқылауынан байланыс желісі жиі істен шығып жатты. Оны қайтадан шұғыл жөндеу аға сержант Ерғали Қожаев бастаған байланысшылар бөлімшесіне тапсырылады. Кабель катушкаларының үзілген тұсын бораған оқтың астында табу қайдан оңай болсын. От жалынға оранған екі ортада жандарын шүберекке түйген байланысшылар бастарын өлімге тігіп, ширақ қимылдаудан басқа амалдары қалмады. Өйткені алдыңғы шептегі жауынгерлермен байланыс орнатылмаса, жағдай одан сайын күрделене түсері анық. Байланыс болса жауынгерлер ішкі жақтан берілетін көмекке дер кезінде қол жеткізеді. Бұл өлім мен өмір арпалысқан айқастың бірі еді.

«Телеграфист старший сержант взвода управления полка Қожаев Ерғали в операции полка с 21.08. по 29.09. 1944 г. показал образцы мужества и отваги. В боях за д.Юркина под сильным артиллериче-



ским огнем противника он прокладывал телефонную связь по ОП, рискуя жизнью, он в кратчайший срок линию фронта обеспечил бесперебойную связь между командными пунктом и ОП, устранил в этом бою 18 порывов»

Осы шайқаста көрсеткен баатылдығы мен табандылығы үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. 1945 жылдың 10 наурызында Гросс-Юстин қаласы үшін көрсеткен тағы бір ерлігі үшін: «В трудной боевой обстановке под сильным огнем контратакующего противника связь с батареями и находясь на линии устранило 28 порывов, чем способствовало выполнению поставленных задач батареями. Лично участвуя в отражении контратак противника огнем своего автомата уничтожил 8 немецких солдат, 12 взят в плен.

За проявленное мужество и стойкость в бою с немецкими захватчиками тов. Қожаев Ерғали Исламович достоин правительственной награды ордена Слава третьей степени» деп, полк командирі, гвардия полковнигі Рогзов ерлігін бағалап, жоғары командованиеге наградаға ұсынды. Көп ұзамай Ерғали Қожаевқа III дәрежелі Даңқ ордені табыс етілді.

Азынаған ажалдың аранында жүріп, ерлік үлгісін көрсеткен

Ерғали Қожаев Великие Лукиден бастап, Даугапис, Каунас, Калининград, Гданьск, Эльблонг, Гожув-Велькопольский қалаларын жаудан азат етуге қатысып, соғысты Берлинде аяқтады. Осы жорық жолдарындағы ерліктері бағаланып, «Ерлігі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.

Жеңістің жалауы желбіреген 1945 жылы туған жері Тұғылға оралғанан кейін ауылдағы елдің жүдеу, жұпыны тірлігін көзімен көріп, елдің енесін еңбек арқылы ғана көтеруге болатынын түсінді. «Объединенный труд» колхозына есепші болып жұмысқа орналасты. Аз уақыт ішінде сөзі мен ісі ұштасқан Ерғали Исламұлы халқының қалаулы азаматының біріне айналды. Ол ерлік шежіресін адами болмысымен, адамгершілік мұраттарымен, елдік қасиетімен, қайсар да қаһарман тұлғасымен толықтыра түсті.

Кеме капитанының қысқа курсында оқып, «Алматынка» кемесінің капитаны болып жұмыс істеп жүргенде, 1961 жылдың 16 желтоқсанында 49 жылда кенеттен қайтыс болды. Майдангүл, Бибігүл, Бикүл, Айгүл, Бақдәулет әкелерінен жастай жетім қалса да, аналары Дәмеке Әбілжанқызының арқасында өз құрбыларымен тең өсіп ержетті. Үйлі-күйлі болып ұрпақ өсірді. Қазір олардың өздері немере сүйген аға-әже бір қауым болып отыр.

Қарап отырсақ Ерғали Исламұлының өмірден өткеннен бері араға 62 жыл уақыт өз ізін салыпты. Тағдырдың талай қиындығына төтеп беріп, өмірге деген құштарлығын жоғалтпаған, адамгершілікті әрдайым жоғары ұстаған майдангер абзал әкенің рухы қыран құстай қалықтап балаларын әлі күнге дейін қорғап-қоршап жүргендей көрінеді.

Зарыққан  
ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.



### Майдангерлер-ардагерлер

Жалындаған жастық шақтары оқ пен оттың арасында ажалмен бетпе-бет келген майдангерлер мен ауылда еңбек көрігін қыздырып, Жеңісті жақындатуға үлестерін қосқан мылтықсыз майдан сарбаздары аталарымыз бен апаларымыз, аға-тәтелеріміз қандай еді, шіркін!? Көріктей кеуделерінде орден-медальдары сыңғырлап, жүздерінен өздері негізін қалаған бейбіт заманның лебі есіп тұрушы еді. Өмірдің өлшем тасындай, ұрпақтарына мәңгілік қорғандай көрінуші еді-ау, асыл жандар! Сол бір ұрпаққа ұран болған қос майданның батырларын көзімізбен көрген біздер сағынамыз бүгінде. Солардың бірі-текестік Қалисынов Оразай қария.

Талайлы тағдыры, жалынды жастығы қанқұйлы соғысқа тура келген Оразай ата майданнан оралған соң, Алла бұйырған ендігі өмірінің бәрін елі мен жерінің өсіп-өркендеуіне, түлеп-түрленуіне, ауылдастарының әл-ауқатының артуына жұмсады. Шаруашылық жұмыстарының қайнаған ортасынан табылып, айналасындағыларды еселі еңбекке ұйыстырды. Ақыл-кеңесін айтып, бағыт-бағдар берді. Өмірінің соңына дейін ат үстінен түскен жоқ. Ол кісімен қатар ғұмыр кешкен ауылдастары сол ат үстіндегі қалпында естеріне алып, көздеріне елестетеді бүгінде. Балаларына аталарының өнегелі өмір жолдарын үлгі етіп айтып отырады.

Оразай Қалисынов 1916 жылы Тегістік ауылында кедей шаруаның отбасында өмір есігін ашқан сәт қасиетті Ораза айының ақ тілекке орнатқан күндерінің бірі екен. Ата-анасы кастерлі күні ұрпақты болғандарын жақсылыққа жорып, нәрестенің есімін Оразай қойыпты. Оразай ес білгеннен 1920-1930 жылдардағы алмағайып кезеңнің аумалы-төкпелі оқиғаларын көзімен көріп өсті. Ел басына төнген нәубет, байлардың мал-мүлкін тәркілеп, өздерін жер аудару, колхоздастыру барысындағы солақай саясат, ашаршылық, қуғын-сүргін

сияқты қилы кезеңдер жас баланы ширатып, тез есейтті. Асау ағынға қарсы жүзуге үйретті. Бозбала шағынан колхоздың күнді түнге, түнді таңға ұластырған жұмысының бел ортасына табылды. Еңбектің қамытын киіп, арбасына шегілді. Осылайша отбасындағы күнкөрістің салмағын үлкендермен қатар көтерісті.

1937 жылы Түргендегі механизаторлар даярлайтын қысқа мерзімді курста оқып, тракторшы мамандығын алып шықты. Шынжыр табанды трактордың тізгініне қолы тиер-тимес жасы келіп, 1939 жылы Отан алдындағы әскери борышын өтеуге аттанды. Бұл кезде Кеңес Одағы мен Финляндия мемлекетінің арасында соғыс жүріп жатқанды. Оразайдың әскердегі тағдыры осы соғысқа тап келеді. Оның арты тұқиылдан басталған Ұлы Отан соғысына ұласады. Сталинград майданынан басталған ұрыс жорықтары Батыс Украина майданымен ұштасып, Германияның Кенинсберг қаласына дейінгі жолдарды жаяу жүріп өтіпті. Осы жорықтардың бәрінде аузынан ажал оты шашылған аждаһамен талай мәрте бетпе-бет кездесіпті. Кезекті бір ұрыста қарша бораған оқтың бірі басынан тиіп, ауыр жараланады. Қырық жыл қырғын болса да, ажалы



жетпеген өлмейді. Мұның алда әлі де көресі күні, татар талқаны бар екен. Дала госпиталындағы күрделі отадан кейін өмір дейтін ұлы теңізде қайта жүзуге ұмтылды. Өзі сұранып майдан өтіне қайта кірді. Жауда кеткен есесінің орнын толтыруға, шейіт кеткен қыршындардың кегін қайтаруға, артта қалған ел-жұртының үкілі үмітіне сызат түсірмеуге деген сезім жауынгер жігітті қайта рухтандырып, жігерін жаныды.

Оразай ата майдан жорығын Қиыр Шығыстағы Жапон соғысына жалғапты. Туған жердің дәм-тұзы тартып, елге 1946 жылы Ұлы Жеңістен бір жыл кейін оралған. Майдангердің бұдан кейінгі өмірі бейбіт заманды баянды етуге арналды. Өзінің о бастағы мамандығы бойынша Текестегі МТС-те трактор рөліне отырды. 1952 жылға дейін атағы дардай осы мекемеде еңбек майданының көрігін қызды-

## ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

рды. Еңбек десе ішкен асын жерге қоятын азаматтың қолынан іс келетініне көздері жеткен басшылар 1952 жылы «Тегістік» колхозына меңгерушілігіне тағайындайды. Сенімге селкеу түсірмеуді мақсат еткен меңгеруші бұл міндетті де абыроймен орындады. Ферма еңбеккерлерін еңбекке жұмылдырып, белгіленген жоспарды еселеп орындауға үндеді. Мұның өзі соғыс салған ауырталықтан кейін енесін жаңа көтеріп келе жатқан шаруашылық үшін зор жеңіс болып бағаланды. Шаруашылықтар бір-біріне қосылып, іріленгенде 1960 жылы Текеске қоныс аударып, Карл Маркс атындағы колхозда бөлімше меңгерушісі, колхоз төрағасының орынбасары сияқты лауазымды қызметтер атқарды. Құрылыс шебері, ірі кара фермасының меңгерушісі болған тұстарда да сөз бен істің арасында алшақтық болмауын басты назарда ұстады. Өзі басшылық жасаған саладағы толайым табыстар мен жемісті жетістіктерді еліміздің баянды бақыты, бейбіт заманның заңды жалғасы деп санады. Өзін осынау ұлағатты ұғымдардың басы-қасынан табылып, лайықты үлес қосқан бақытты жанның біріне балады. Ауылдастарына ақылшы аға, отбасында қара орданың отын маздатар орны белек отағасы бола білді. Еліне елеулі, халқына қалаулы қорымал қария атанды. Ұлағатты ұл-қыз өсіріп, өркенін өсірді, өрісін кеңейтті. Өкімет пен партия қандай жұмыс тапсырса да сенімге селкеу түсірмей, абыроймен атқарды. Мейірімділік, қайырымдылық, сүйіспеншілік, бауырмалдық сияқты адами құндылықтар бойынан мольнап табылған майдангер еселі

еңбегімен бейбіт өмірдің шырайын кіргізді. Майдан даласы мен еңбек даласындағы тындырымды істері орынды бағаланды. Кеудесінде «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «Кенинсбергті алғаны үшін», «Жапонияны алғаны үшін», «Әскери қызметі үшін», «Еңбек ардагері», Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20, 25, 30, 40 жылдығы мерекелік медальдары, Қарулы күштерге 50 жыл, 60 жыл толған, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгілері жарқырады. Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасына ие болды. 1985 жылы Ұлы Жеңістің 40 жылдығына арналып Москвада Қызыл алаңда өткен Жеңіс парадына қатысып, зор құрметке бөленді. Осының бәрі де-ардагер атының ғұмырындағы елі мен Отанына сіңірген адал еңбегіне берілген лайықты баға. Өркенді өмірінің әр сағат, әр минутын тыныштықты, елі мен жерінің гүлдене беруін, бейбіт өмірдің баянды болуын тілеумен өткізген майдангер 1987 жылы өмірден озды.

Оразай Қалисыновтың есімін мекендестері ұмытқан жоқ. Ауыл ортасындағы Жеңіс тақтасына аты құрметпен жазылды. Ғибратқа толы ғұмыры туралы естеліктер Қ.Шорманов атындағы орта мектептің «Өлкетану» мұражайына қойылған. Текес ауылындағы бір көше майдангердің атында. Саналы да салықалы ұрпақтары жыл сайынғы Жеңіс мейрамы күні майдангер аталарының есімін ұлықтап, еске алып отыруды дәстүрге айналдырып келеді.

Жұмабек ТҮРДИЕВ.  
Райымбек ауданы.



ҚУТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ұйғыр аудандық ардагерлер кеңесі Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы, «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», «Еңбек ардагері», қоғамдық жұмыстардың белсендісі



АБАЙ  
ТОРБАЙҰЛЫН

85 жастық мерейтойымен құттықтайды. Денсаулығыңыз мықты, отбасыңыз аман болсын! Сонымен қатар Сізге 40 жылдан астам уақыт ішінде шәкірт тәрбиелеумен қатар тілшілік жұмысты қатар атқарған еңбегіңіздің жемісін көрумен бірге бақытты қариялық ғұмыр тілейміз!

Ұйғыр аудандық ардагерлер кеңесі.

Армандастар, құрдастар

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ-БАЯН СҰЛУ» ҚОЙЫЛЫМЫ

2024 жылдың 30 сәуір күні Алматы облысы білім басқармасының және Қонаев қаласындағы мектеп парламенті көшбасшыларының ұйымдастыруымен «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциясы аясында оқушылардың көзқарасымен жаңа үлгіде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» қойылымы көрсетілді.



Жас волейболшылар

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ҚҰРМЕТІНЕ

Ащыбұлақ ауылдық округіне қарасты Төле би ауылындағы №37 орта мектебінің спорт залында құрметті ардагер ұстазымыз, округтегі ардагер ұстаздар кеңесінің төрағасы, республикалық ардагер волейболшылар федерациясының мүшесі, 49 жыл саналы ғұмырын жас ұрпаққа тәрбие мен білім беруге арнаған Дәулетбай Жамалбекұлының мерейлі 70 жасқа толуына байланысты волейболдан ашық турнир болып өтті.

Бұл күні Дәулетбай ағамызды құттықтауға өзінің бұрынғы, қазіргі шәкірттері және округ әкімі Жасұлан Оңалбаев, орынбасары Бақтияр Қасымбеков, аудандық ардагер ұстаздар ұйымының төрағасы Жұмахан Жылқышыұлы келіп, өздерінің жүрек жарды тілектерін жеткізді. Жарыс ережесі бойынша жасы 60-тан асқан ойыншылар қатысты. Өте тартысты өткен жарыс қорытындысы бойынша, жүлделі ІІІ орынды команда капитаны А.Порхомино жетекшілігіндегі Алматы қаласынан келген «Мәмлүк» командасы иеленді. ІІ орынға Әміржан Айнабековтың Алматы қаласынан келген «СДК» командасы табан тіреді. Ал жарыстың Бас жүлдесі мен І орынды үздік ойын көрсеткен «Төле би» командасы жеңіп алды. Жарыстың үздік ойыншысы атағын Қазақстан

ардагерлер құрама командасының капитаны Чекрусков Игорь иеленді. Сондай-ақ жүлдегер командалар мен үздік ойын көрсеткен ойыншылар ұйымдастырушылардың тарапынан тағайындалған бағалы сыйлықтарымен және ескерткіш медальдармен марапатталды.

Өз тілшімізден.



тік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу. Осы бағыттағы мектеп парламенті оқушыларының ұйымдастырған алғашқы қойылымы көрермен көңілінен шығып, зор ықыласқа бөленді. Қойылымға Қонаев қаласының тұрғындары, ұстаздар, ата-аналар, оқушылар қатысты. Қойылымнан түскен қаражат судан зардап шеккен аймақтардың қорына жіберілді.

Өз тілшімізден.



ардагерлер құрама командасының капитаны Чекрусков Игорь иеленді. Сондай-ақ жүлдегер командалар мен үздік ойын көрсеткен ойыншылар ұйымдастырушылардың тарапынан тағайындалған бағалы сыйлықтарымен және ескерткіш медальдармен марапатталды.

Өз тілшімізден.

Будни казахстанской армии

ТРАДИЦИЯМ ВЕРНЫ

Недавно в войсковой части № 64192 г. Қонаев (база снабжения медицинским имуществом) прошли торжественные мероприятия, посвященные празднику Наурыз Мейрамы и Дню образования части. На плацу был выстроен личный состав в парадной форме одежды. Приглашены прежние командиры и их заместители, а также военные пенсионеры - ветераны войсковой части.

После доклада начальника штаба о готовности к проведению мероприятий, поздравления командиром части личного состава, исполнения Государственного Гимна Республики Казахстан был дан старт празднику. Присутствующим зачитана краткая историческая справка войсковой части № 64192, образованной 13 апреля 1970 г., т.е. в год основания нашего города. В следующем

году нам будет 55 лет! Командир войсковой части подполковник медицинской службы Абенев О.Ж. тепло поприветствовал гостей, пожелав им крепкого здоровья, поблагодарил за многолетнюю армейскую службу. Отметил вклад части и его личного состава в снабжение медицинским имуществом и техникой армии бывшего СССР, а также в её деятельность в период становления

и развития Вооруженных Сил суверенного Казахстана. С приветственными словами к присутствующим обратились командиры части прошлых лет: полковник медицинской службы в отставке Картеков М.К., подполковник медицинской службы запаса Мынбаев Б.Б., полковник в отставке Каликов М.А., полковник медицинской службы запаса Рысбаев Т.С. Офицеры рассказали об интересных моментах службы, о богатых традициях, сложившихся за более чем полувековую историю её существования. Они также выразили уверенность, что нынешнее и последующие поколения военнослужащих и служащих будут всегда достойными продолжателями этих традиций.

От лица командования

части ветераны были награждены грамотами. В свою очередь гости также преподнесли личному составу части ценные подарки. В торжественной обстановке прошло награждение грамотами отличившихся военнослужащих и служащих. Силами представителей художественной самодеятельности части, представлены казахские национальные обряды: құда түсу (сватовство), сырға салу (символический обряд надевания сережек невесте матерью жениха), қыз ұзату (традиционный обряд проводов невесты из дома родителей в дом родителей жениха). Праздник проходил под аккомпанемент домбры, народные песни и зажигательные танцы. В концерте также приняли участие члены семей военнослужащих и служащих части.

Украшением стала казахская национальная одежда, показаны богатые элементы праздничного убранства юрты и предметы быта.

Также все желающие смогли принять участие в казахских национальных играх: асық ату (детская уличная игра косточками), бұқа тартыс (состязание в перетягивании каната в противоположные стороны), садақ ату (стрельба из лука), ләңгі тебу



(набивание лягги), арқан тартыс (перетягивание каната), кол күрес (ручная борьба, армреслинг). В рамках мероприятий состоялся товарищеский матч по мини-футболу с участием личного состава и ветеранов части. На праздничном обеде все смогли отведать блюда казахской национальной кухни – наурыз көже, сырне, палау (плов), а также выпить ароматно-чай с баурсаками. Активные участники праздничных мероприятий и победители спортивных состязаний награждены почетными грамотами, медалями и памятным подарками.

Ветераны части поблагодарили командование и личный состав части за приглашение, пожелали военнослужащим и служащим, а также членам их семей, здоровья, счастья и благополучия. А воинскому коллективу - успехов в боевой и государственно-правовой подготовке, производственной деятельности.

Все отмечали высокий уровень подготовки и проведения мероприятий. Словом, праздник получился ярким и запоминающимся!

Также хочу отметить, что один военнослужащий части в данное время проходит службу в рядах казахстанского миротворческого контингента в Сирии (Голанские высоты). Как известно, это воинское формирование выполняет возложенные на него задачи по поддержанию режима прекращения огня между противоборствующими сторонами, в рамках мандата миссии ООН.

Войсковая часть № 64192 также обеспечивала медицинским имуществом войсковые части, военнослужащие которых в настоящее время задействованы в мероприятиях по ликвидации последствий паводков в Западно-Казахстанской области.

Станислав ФЕДОРОВ, подполковник медицинской службы запаса, ветеран ВС РК, г. Қонаев



АЛАТАУ Ардагері  
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады  
ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі  
Алматы облыстық филиалы  
Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова  
Тел.: 8 777 251 9310  
ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сықымбек  
Тел.: 8 705 965 3661  
Рамазан Елешев  
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.  
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады.  
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.  
Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.  
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.  
«Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санның таралымы – 6200  
Тапсырыс №750  
Индексі – 65472.